ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ
Орталық Азия ғылымы мен білімі: цифрлық трансформация және тұрақты даму
2026 жылғы 18 желтоқсан · онлайн, Zoom · CASJ-2026
2-СЕКЦИЯ. ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
DOI: https://doi.org/10.5281/zenodo.24477044

ӘОЖ 37.379.8.093

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ИНСТИТУТТАРДЫҢ РУХАНИ ДАМУ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

А.М. Нургазина
Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Казақстан

Нургазина Айя Муратовна — «Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Казақстан.

Ғылыми жетекші: Турсымбеков Даурен Алпысбаевич — магистр, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің педагогика және философия кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Казақстан.

© А.М. Нургазина, 2026

Аңдатпа: мақалада цифрлық технологиялар дамыған қазіргі қоғамдағы мәдени институттардың рухани даму мен ұлттық құндылықтарды сақтаудағы рөлі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі тарихи-мәдени мұраны сақтау, ұлттық дәстүрлерді насихаттау және жас ұрпақтың мәдениетке деген қызығушылығын арттыру қажеттілігімен байланысты. Жұмыстың мақсаты – мұражайлар, кітапханалар мен театрлардың қоғамдағы маңызын анықтау және олардың қазіргі қызметіне қатысты өзекті мәселелерді зерттеу. Мақалада мәдени институттардың негізгі қызметтері сипатталып, Қазақстандағы олардың қызметіне қатысты статистикалық мәліметтер қарастырылады. Зерттеудің тәжірибелік бөлігінде 109 респондент қатысқан сауалнама жүргізіліп, олардың мәдени мекемелерге деген көзқарасы, қызығушылығы және цифрлық мүмкіндіктерді пайдалану деңгейі зерттеледі. Сауалнама нәтижелері негізінде мәдени институттардың қоғамдағы маңызын бағалау және олардың қызметін жетілдіру жолдарын анықтау көзделеді. Зерттеу цифрлық технологияларды тиімді пайдалану мәдени мұраға қолжетімділікті арттырып, ұлттық құндылықтарды насихаттауға ықпал ететінін көрсетеді.

Түйін сөздер: мәдени институттар, ұлттық құндылықтар, цифрлық технологиялар, мәдени мұра, мұражай, кітапхана, театр.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда цифрлық технологиялардың дамуы мәдениет саласына да елеулі өзгерістер енгізуде. Мұражайлар, кітапханалар мен театрлар тарихи мұраны сақтап, ұлттық құндылықтарды насихаттауда және жас ұрпақтың рухани дамуына ықпал етуде маңызды орын алады. Қазақстан Республикасының мәдени саясатты дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында мәдени мұраны сақтау, мәдениет саласын жаңғырту және заманауи технологияларды енгізу негізгі бағыттардың бірі ретінде қарастырылған [1].

Тақырыптың өзектілігі. Цифрлық технологиялар кеңінен таралған кезеңде мәдени институттардың қоғамдағы рөлін сақтау және олардың қызметін заманауи талаптарға бейімдеу маңызды. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметтері мәдениет мекемелерінің елдегі қызмет ауқымы мен қоғам өміріндегі орнын көрсетеді [3]. Осыған байланысты жастардың мұражайлар, кітапханалар мен театрларға деген қызығушылығын, сондай-ақ ұлттық мәдени мұраға көзқарасын анықтау өзекті мәселе болып

табылады. В. В. Ключареваның зерттеуінде мұражайлардың тарихи жадты сақтау мен өткенді танытудағы рөлі қарастырылған [2].

Зерттеу мақсаты – мәдени институттардың рухани даму мен ұлттық құндылықтарды сақтаудағы рөлін анықтау және олардың қазіргі қоғамдағы маңызын сауалнама негізінде талдау.

Зерттеу міндеттері:

– мәдени институттардың негізгі қызметтері мен қоғамдағы орнын сипаттау;

– мұражайлар, кітапханалар мен театрлардың ұлттық құндылықтарды сақтаудағы рөлін анықтау;

– 109 респондент қатысқан сауалнама арқылы қоғамның мәдени мекемелерге көзқарасын зерттеу;

– мәдени институттардың қызметінде цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін қарастыру;

– мәдени мекемелердің қызметін жетілдіру жолдарын ұсыну.

Зерттеу нысаны – Қазақстандағы мәдени институттардың қызметі. **Зерттеу пәні** – мұражайлар, кітапханалар мен театрлардың қоғамның рухани дамуы мен ұлттық құндылықтарды сақтауға ықпалы. **Зерттеу әдістері** – ғылыми әдебиеттерді талдау, статистикалық мәліметтерді қарастыру және 109 респондент арасында сауалнама жүргізу.

Зерттеу әдістемесі

Қазақстан қоғамындағы мұражайлар, кітапханалар мен театрлардың рухани даму мен ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін талдап, олардың әлеуметтік маңызын талдау және бұл мәдени институттардың әлеуметтік ықпалының тиімділігін жақсартуға бағытталған ұсыныстарды анықтау мақсатында зерттеу жұмысында анонимді онлайн форматта Google Forms платформасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама 8 жабық және 2 ашық сұрақтан тұрды. Сұрақтар мақсатына қарай бес топқа жіктелді (1-кесте).

Кесте 1 – Зерттеу сұрақтарының мақсаттары

Мақсат	Сауалнама сұрақтары
1. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық құрамын анықтау	Жынысы мен жасы
2. Халықтың мәдени белсенділігі мен талғамын өлшеу	Мәдени орталықтарға бару жиілігі; белгілі бір мәдени институтқа бару жиілігі
3. Респонденттердің құндылықтық ұстанымдары мен мәдени орындарға бару ынтасын айқындау	Мәдени институттардың ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы рөлі; мәдени институттарға баруға себепші факторлар
4. Ұлттық құндылықтардың насихатталуы мен институттардың қоғамдық беделін бағалау	Ұлттық құндылықтардың насихаттау формалары; мәдени институттардың беделі; мәдени институттардың рөлінің өзгерісі
5. Саланың өзекті мәселелерін шешу және жетілдіру жолдарын анықтау	Мәдени институттардың жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар

Нәтижелерді талдау

Әлеуметтік-демографиялық құрамын анықтау. Сауалнама қатысушылары жас ерекшеліктері бойынша негізгі 5 топқа бөлінді (13-18 жас, 19-25 жас, 26-35 жас, 36-50 жас, 50+ жас). Жалпы сауалнамаға 109 адам қатысты. Олардың 50,5% үлесі 13-18 жастағы азаматтар (55 адам), 43,1% үлесі 19-25 жастағы азаматтар (47 адам), 0% үлесі 26-35 жастағы азаматтар (0 адам), 5,5% үлесі 36-50 жастағы азаматтар (6 адам) және 0,9% үлесі 50-ден жоғары жастағы азаматтар (1 адам) болды. Сауалнаманың басым бөлігін жастар өткен. Жыныстық ерекшеліктер бойынша бар респонденттердің 78% әйелдер (85 адам), 22% ерлер (24 адам) болды.

Мәдени белсенділік пен талғамды өлшеу. Нәтижелер бойынша көпшілік мәдени орталықтарға сирек (30,3%) немесе жылына бірнеше рет (24,8%) қана барады, бұл мәдени белсенділіктің төмен екенін көрсетеді. Айына бір рет барушылар – 22,9%, бұл мәдениетпен

орташа деңгейде танысатын аудиторияны қалыптастырады. Айына бірнеше рет баратындар аз (11,9%), ал мүлде бармайтындар – 10,1%. Бұл қоғамда мәдени орындарға жүйелі түрде бару әдетінің әлі де қалыптаспағанын білдіреді. Нәтижелер бойынша ең танымал орын — кинотеатр (40,4%), яғни 44 адам киноға жиі баратынын көрсеткен. Театрды таңдағандар — 12,8%, бұл сахналық өнерге орташа қызығушылық бар екенін білдіреді. Мұражай (7,3%) мен кітапхана (8,3%) ең аз таңдалған, бұл дәстүрлі мәдени нысандарға сұраныстың төмен екенін көрсетеді. Сонымен қатар 22,9% респондент төртеуі де барамын десе, 8,3% (9 адам) мүлде бармайды, бұл мәдени белсенділіктің біркелкі емес екенін дәлелдейді.

Құндылықтық ұстаным мен ынтаны айқындау. Нәтижелерге сәйкес респонденттердің басым көпшілігі (83,5%) мәдени институттарды ұлттық құндылықтарды насихаттауда негізгі құрал деп санайды. Бұл халықтың мәдени мекемелердің идеологиялық және тәрбиелік маңызын жақсы түсінетінін көрсетеді. Сауалнама нәтижесі бойынша мәдени орындарға барудың негізгі себептері – жеке қызығушылық 24,7% (27 адам) және тарихқа қызығушылық 22,9% (25 адам). Сонымен қатар, респонденттер рухани даму (14 адам), мәдени орындардың атмосферасы (12 адам) және білім алу (12 адам) факторларын атап өтті. Ал 5 адам мәдени орындарға баруға ешқандай қызығушылығы жоқ екенін көрсетті. Жалпы, негізгі ынталандырушы факторлар – жеке қызығушылық пен тарихи-рухани таным.

Насихаттау формалары мен беделін бағалау. Нәтижелерге сәйкес ұлттық құндылықтарды таратудың ең тиімді деп танылған әдістің көшбасында — театр қойылымдары (67%). Бұл театрдың эмоциялық әсерінің күшті екенін білдіреді. Көрмелер, экспозициялар (56%) және ұлттық кітаптар мен әдеби кештер (47,7%) де ұлттық мұраның маңызды таратушы формалар ретінде жоғары бағалануда. Интерактивті бағдарламалар — ең төменгі нәтиже (10%), бұл цифрлық форматтың осы салада әлі де толық дамымағанын көрсетеді. Респонденттердің 68,8% мәдени институттардың беделін «жоғары» немесе «өте жоғары» бағалайды. Бұл мәдени орындар қоғам көзінде беделді, құрметті орын алатынын көрсетеді. Орташа деп бағалағандар да көп (26,6%), бұл мәдени орталықтардың беделің толықтай жоғары деп қабылдамаудын көрінісі. Ал төмен баға бергендердің көрсеткіші өте аз (4,6%). Нәтижелер бойынша көпшілік мәдени институттардың рөлі артып жатыр (55%) деп есептейді, бұл мәдениет саласының маңызды болып бара жатқанын көрсетеді. Өзгеріс жоқ (19,3%), яғни сауалнаманы өткен шамамен әр бесінші адам мәдени ортада айтарлықтай өзгеріс байқалмайды деген ойда. Әлсіреуде (14,7%) деген жауап мәдени институттардың тиімділігін төмен деп санайтындардың бар екенін білдіреді. Ал (11%) «білмеймін» деп жауап берген, бұл тақырып бойынша хабардарлықтың толық емес екенін көрсетеді.

Саланы жетілдіру жолдары. Нәтижелер бойынша респонденттердің ең көп ұсынған екі бағыты жастарға арналған қызықты бағдарламалар енгізу 18,3% (20 адам) және барлығы жақсы, өзгеріс қажет емес деп есептейтіндер 18,3% (20 адам). Сонымен қатар, заманауи технологияларды енгізу, цифрландыру және жабдықталуды жақсарту 16,5% (18 адам) мәдени институттардың материалдық-техникалық базасының әлі де жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді. Жарнама мен ақпараттандырудың жақсарту ұсынысы 12,8% (14 адам) мәдени орындардың өз аудиториясына толыққанды түрде дұрыс жете алмай отырғанын айқындайды. Іс-шаралар саны мен жиілігін арттыру 14,7% (16 адам) сұраныстың бар екенін, сондай-ақ белсенді бағдарламалар қажет екенін білдіреді. Қолжетімді баға 6,4% (7 адам) ұлттық стильді енгізу, театр бағыты және менталитет мәселелерін көтергендер аз болғанымен, бұл да маңызды қосымша индикаторлар болып табылады.

Зерттеу жұмысының шектеулері. Біріншіден, жас ерекшелігі біркелкі болмады. Сауалнамаға қатысқан 109 респонденттің 93,6%-ын 13–25 жас аралығындағы жастар құрады, ал ересек және аға буын өкілдері (26 жастан жоғары) небәрі 6,4%-ды қамтыды. Екіншіден, гендерлік теңгерімсіздік байқалды. Респонденттердің басым көпшілігі әйелдер (78%) болғандықтан, ерлер аудиториясының пікірі (22%) толық деңгейде көрініс таппады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде Қазақстан қоғамындағы мұражайлар, кітапханалар мен театрлардың рухани даму мен ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы маңызды рөлі анықталды. Мұражайлар тарихи мұраны сақтаса, кітапханалар білім мен әдебиетті насихаттайды, ал театрлар ұлттық мәдениет пен адамгершілік құндылықтарды жеткізеді.

Сауалнама нәтижелері халықтың мәдени орындарға қызығушылығы бар екенін, алайда олардың қызметінде ақпараттық насихаттың әлсіздігі, жастарға арналған бағдарламалардың аздығы және цифрландыру қажеттілігі сияқты мәселелер кездесетінін көрсетті.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде мәдени институттар заманауи технологияларды пайдаланып, виртуалды экскурсиялар, интерактивті көрмелер мен электрондық кітапханаларды дамытуы қажет. Сонымен қатар, жастарды тарту және әлеуметтік желілер арқылы ақпарат таратуды күшейту маңызды. Мәдени ошақтарды жаңа деңгейге жаңғырту ұлттық мәдени мұраны болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі.

Қазақстан Республикасында мәдени саясатты дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. КОНЦЕПЦИЯ развития культурной политики в Республике Казахстан до 2030 года

2. Ключарева В. В. Трансляция историко-культурного наследия в

музеях Северного Казахстана: роль музея в формировании представлений о прошлом // Вестник антропологии. – 2025. – № 1. – Б. 112–128. 7+Ключарева.pdf

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан

Республикасындағы мәдениет (2024 жыл). https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-culture/publications/301775/